

Отчет

о проведенных консультациях на тему «Племенная работа по адайским лошадям» по направлению «коневодство»

Даты проведения:

с «19» сентября по «20» сентября 2024 года

Место проведения консультации:

(Мангыстауская область, Каракиянский район, КХ «Бірлік»)

Проректор по науке

Исполнительный директор



Шәмшідін Ә.С.

Галимуллина М.Р.

Консультация бойынша есеп беру

1. Маңғыстау облысының жылқы шаруашылығының негізін жергілікті Адай жылқылары құрайды. Адай жылқысының тұқымдық және өнімдік қасиеттері мен қатар жұмыс қабілеттілігін зерттеу үшін біріншіден асылдандыру жұмыстарын қолға алу қажет. Асылдандыру жұмысы біріншіден зоотехникалық есеп жүргізуді қалпына келтіруден басталады. Адай жылқыларын зерттеумен 1950-1953 жылдары ғалым А.Иманғалиев тиянақты зерттеген болатын. Ол Гурьев облысы Маңғыстау ауданы болатын, 1959 – 1966 жылдары Адай жылқысының жұмыс қабілеті, төлдерінің өсіп жетілуі, жайып семіртудегі қабілеті, ет сапасы мен сүт өнімділігі, сонымен қатар, табынды жылқы шаруашылығындағы экономикалық тиімділігі зерделенді.

2. Қазіргі Маңғыстау облысының климаты шұғыл континентальды, ауасы құрғақ, жазы ұзақ, әрі ыстық, қысы біршама жылылау келеді. Үстірт топырағы борпылдақ, жаңбырда батпақты, тұзды, аракідік құмды шағыл жерлер кездеседі. Жайылым өсімдігі жусанды-сораң, жусанды-бүйірген және боялышты болып келеді. Ешқандай қоралар жоқ, су көздері тек құдықтан шығады, қар аз түседі. Бұл жерге тек жергілікті Адай жылқылары ғана шыдамды келеді, басқа жылқы тұқымдары өсіргенмен ешқандай эффект бермейді.

3. Асылдандыру жұмыстарын жүргізу үшін біріншіден, зоотехникалық шараларды жүргізуге өткел-қондырғыларды салуды қажет етеді. Екіншіден, барлық жылқы басы таңбаланып, инвентарь номері мен туған жылы азотпен таңбалайды. Үшіншіден, осы таңбаланған кейінгі мәліметтер жергілікті ветпункттегі ИСЖ-бағдарламасына тұқымы, жынысы, туған жылы, шаруашылығы, иесінің аты-жөні секілді мәліметтер тиянақты тіркеледі.

Барлық бас тіркеліп болғаннан кейін жыл сайын бонитировка (бағалау) шараларын жүргізіліп отырады. Бонитировка – арнайы қабылданған нұсқаудағы талаптар бойынша тұқымдық айғырлар мен биелер селекциялық ядроға іріктеледі. Бонитировка барысында барлық тұқымдық және өнімдік қасиеттері оқып зерттеледі.

Асылдандыру жұмыстарын жүргізудегі басты шаралар асылтұқымдық жазба құжаттамалар толтырылып отырады, бонитировка мәліметтері міндетті түрде ИАС-бағдарламаларға енгізіліп тұрады, уақыты келгенде, яғни барлық ата-тегі анықталып, төрт ұрпақтары бойынша іріктеліп, барлық өнімдік көрсеткіштері анықталғаннан кейін Республикалық Палатаға тапсырыс беріліп асылтұқымды жылқы статусын ала бастайды.

4. Консультация барысында алынған эффект – кеңес алушы біріншіден, асылдандыру жұмысының басты мақсатын түсінді, селекциялық жұмысты жүргізу критерийлерімен танысты. Сонымен қатар, асылдандыру жұмыстарын жүргізудің басты қағидасы жүйелілікті, жоспарлылықты жасай білуді үйренді. Адай жылқыларының өнімдік сапасын жетілдіруді жақсы

ұйымдастырылған селекциядағы іріктеу мен жұптаудан басқа, жылқыны азықтандыру мен бағып-күту технологияларын меңгеру керек екенін білді. Консультация барысында асылдандыру жұмыстарынан басқа жылқыларды тиімді жайылымда жаюды, суару, жылдың ауыр кезеңдерінде қосымша жемдеу, ветеринарлық ісшараларды қатар жүргізу керектігі туралы айтылды. Біріншіден, бар жағдайды асылтұқымды жылқыларға мән беріп, оларға жағдай жасалу керектігі баса айтылды.



Суретте: Маңғыстау облысындағы «Бірлік» ШҚ басшысы Ратов Сисен